

МРНТИ: 15.21.45

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-7847.21>

Ж.А.Бейсенбаева¹, О.С.Сангилбаев², Жундибаева Т.Н³

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

²Тұран университеті

³Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы қ, Қазақстан)

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ON-LINE АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕ АРҚЫЛЫ МАМАНДЫҒЫН АНЫҚТАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Мақалада жоғары сынып оқушыларының жеке тұлғалық қасиеттері мен танымдық процестері және болашақ мамандығын анықтауы туралы жазылған. Оқушылардың қабілеттері мен білім деңгейлерін ескере отырып, педагогикалық-психологиялық әдістер мен әдістемелерді қолдану арқылы кәсіби бағдар беру жұмысы жүргізіледі.

Кәсіби бағдар дегеніміздің өзі – бұл мамандық таңдаудағы жеке икемділіктерінің, қызығушылығының, кәсіптік ынтасына және қоғамның әр түрлі деңгейдегі біліктілігі және әр түрлі мамандық кадрларына сұранысымен жасөспірімдерді дайындаудағы бағытталған іс-әрекет. Кәсіптік бағдардың қоғамдық мәселесі оқушылардың еңбектік және кәсіптік дайындығына жауаптылардың іс-әрекеттері басты роль атқарады. Соның негізінде теориялық даму деңгейі, кәсіби бағдар беру принциптері мен әдіснамалық мәселелер де қалыптасады. Осы арқылы жасөспірімдердің мамандық таңдауда көздері ашық болып, өздерінің болашақ өміріне не қажет екендіктерін біршама ұғынып, өз қалауымен әрі саналы түрде таңдау жасай алуына дұрыс мүмкіндіктер береді. Зерттеу әдісі ретінде on-line автоматтандырылған жүйе арқылы диагностикалық тестілеу жұмыстары, диагностикалау нәтижесі бойынша психологиялық кеңес беру жұмыстары, «Тұлғалық өсу» психологиялық тренингтік жұмыстарының ұйымдастырылуы қарастырылған.

Түйін сөздер: кәсіби бағдар беру, диагностика, тренинг, автоматтандырылған жүйе, тұлғалық өсу, мотивация, кәсіби кеңес беру.

Ж.А.Бейсенбаева¹, О.С.Сангилбаев², Жундибаева Т.Н³

¹Казахский Национальный Женский Педагогический Университет

²Университет Туран

³Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
(г.Алматы, Казакстан)

ЗНАЧИМОСТЬ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ПРОФЕССИИ СТАРШЕКЛАСНИКОВ ПОСРЕДСТВОМ АВТОМАТИЗИРОВАННОЙ СИСТЕМЫ ON-LINE

Аннотация

В статье рассмотрены проблемы определения будущей специальности старшеклассников и их индивидуально-личностные свойства, познавательные процессы. Учитывая способности и уровни знаний учащихся, проводится профориентационная работа с использованием психолого-педагогических методов и методик.

Профессиональная ориентация – это деятельность, направленная на подготовку подростков к выбору профессии с учетом их индивидуальных склонностей, интересов,

профессиональных увлечений и запросов общества к кадрам различных уровней и квалификации. Суть профессиональной ориентации как общественной проблемы заключается в профессиональном стремлении подростков к преодолению противоречий, спроса общества в кадрах. В решении этого противоречия ключевую роль играют действия и деятельность педагогического коллектива, учителей, психологов, ответственных за трудовую и профессиональную подготовку учащихся. На ее основе формируются уровень теоретического развития, принципы профессиональной ориентации и методологические проблемы. Таким образом, подростки должны быть открытыми в выборе профессии, более осознанно понимать, что необходимо в их будущей жизни, использовать все возможности для осознанного и правильного выбора будущей профессии. Посредством on-line автоматизированной системы в качестве методов исследования предусмотрены диагностическая тестовая работа, психологическая консультация по результатам диагностики, организация психологической тренинговой работы «Личностный рост».

Ключевые слова: профессиональная ориентация, диагностика, тренинг, автоматизированная система, личностный рост, мотивация, профессиональное консультирование.

Zh.A.Beisenbayeva¹, O.S.Sangilbaev², T.N.Zhundibayeva³

¹Kazakh National Women's Teacher Training University

²Turan University

³Abai Kazakh National Pedagogical University

(Almaty, Kazakhstan)

THE IMPORTANCE OF DETERMINING THE PROFESSION FOR HIGH SCHOOL STUDENTS THROUGH AN AUTOMATED ON - LINE SYSTEM

Abstract

The article describes the personal qualities and cognitive processes of high school students and determines their future profession. Taking into account the abilities and level of knowledge of students, career guidance work is carried out using pedagogical and psychological methods and techniques.

Vocational guidance is an activity aimed at preparing adolescents for the choice of profession, taking into account their individual inclinations, interests, professional hobbies and society's requests for personnel of various levels and qualifications. The essence of professional orientation as a social problem is the professional desire of adolescents to overcome contradictions, the demand of society in personnel. In solving this contradiction, a key role is played by the actions and activities of the teaching staff, teachers, psychologists responsible for labor and vocational training of students. On its basis, the level of theoretical development, the principles of professional orientation and methodological problems are formed. Thus, adolescents should be open in choosing a profession, more consciously understand what is necessary in their future life, use all the opportunities for a conscious and correct choice of a future profession. As a research method, diagnostic testing through an automated on-line system, psychological counseling based on the results of diagnostics, and the organization of psychological training work "personal growth" are provided.

Keywords: professional orientation, diagnostics, training, automated system, personal growth, motivation, professional advice.

Кіріспе

Қазіргі таңда жоғары сынып оқушыларының басым көпшілігі өзінің жан-дүниесіне жақын, икемі мен қабілеті сәйкес келетін, өзіндік қызығушылығы бар мамандықтарды

таңдаудан қателесетіндігі көптеп кездеседі. Расында да, көбінесе оқушыларда кездесетін таптаурынды ойлар мен іс-әрекеттердің нәтижесінде оқушыға ұнамайтын мамандық түрі таңдалынып, аталған мамандық бойынша оқуға қалай келгенін және кім болып шығатынын білмей қалатын бітіруші түлектерді де кездестіреміз. Себебі, бітіруші сынып оқушыларының көпшілігі қоғамда қандай мамандықтардың сұранысы жоғары немесе қандай маман кадрларының еңбек жалақысы жақсы болатындығын саралап барып өзіне түсініксіз, бірақ атауы жақсы мамандық түрін таңдап алады. Осының нәтижесінде өкінішке қарай жастардың көпшілігі жоғары білім бар, бірақ мүлдем басқа салада жұмыс жасауға мәжбүр болады. Кей жағдайларда таңдап алынған мамандығына қызығушылық танытып, түсініп оқи білген студенттер болса, өз мамандығын жүре келе ұната бастайды. Бұл дегеніміз мектеп бітіруші оқушының мамандық таңдаудағы қателіктерінің көрінісі деп санаймыз. Оқушылардың осындай келеңсіз жағдайларға бой алдырмас бұрын педагог-психолог мамандар мен сынып жетекші ұстаздар кәсіби бағдар бойынша жұмыс жасауы керек [1, 99 б].

Мамандық таңдау оқушылар үшін психологиялық жағынан екі жағдайлы құбылыс болып табылады: бір жағынан – мамандықты кім таңдайды және екінші жағынан қандай мамандықты таңдайды деген ойлар келеді. Негізінен мамандықты таңдау – бірсәттілік әрекет емес, ол бірқатар кезеңдерден тұратын, ұзақтылығы сыртқы жағдайларға және мамандық таңдау субъектісінің дербестік ерекшеліктеріне байланысты. Диссертация жұмысымыздың тәжірибелік бөлімін жазу барысында зерттеу базамызды EDTECH-KZ Халықаралық білім беру орталығын таңдап алдық. Аталған орталықтың жұмысы Республиканың барлық мектептерінің 9,10,11 сынып оқушыларын кәсіби диагностикадан өткізіп, «Kasiptik Bagdar» жүйесінің көмегімен мамандық пен бағдарлы пәнді таңдауға көмектеседі.

Аталған орталықта мектеп бітіруші оқушыларға кәсіби бағдар беруде ең алдымен ақпараттық, психодиагностикалық және психологиялық кеңес беру мен түзету-дамыту жұмыстарын жүргіземіз. Біз алдымен on-line автоматтандырылған жүйе бойынша диагностикалық тест қабылдаймыз. Одан әрі диагностикалау нәтижесі бойынша психологиялық кеңес беру жұмыстарын, «Тұлғалық өсу» психологиялық тренингтік жұмыстарын жүргіземіз. Зерттеу барысында оқушылар тарапынан өзінің қалаған мамандығын таңдай алады, бірақ әлі қателесіп дұрыс таңдай алмаған жағдайда психологтың көмегіне жүгінеді. Орталықта біздер көп жағдайда оқушының сенімділігін арттыруға, қорқыныш пен үрейін жоюға, өзінің жүрек қалауы бойынша ұнаған мамандығына оқуға түсуіне бағыттап, психологиялық кеңестер мен тренингтер ұйымдастырамыз [2, 90 б].

Оқушы мотивациясын жоғарылату мақсатында келесідегідей тренингтік тақырыптарды ұсындық. Мәселен, сенімді, сенімсіз және агрессивті әрекет етуі жаттығуы; қиындықты жеңе білу жаттығуы; проблемаларды қиып тастаймын жаттығуы; жарайсың жаттығуы т.б. оқушыларға жүргізілді. Оқушылармен тренинг аяқталысымен соңында өзінің ойымен бөлісіп, кері байланыс орнатылады. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, оқушы мотивтерінің бағыттылығы өмірлік ұстанымдардың жасалуы мен өмірлік жоспарлардың нақтылануына әсерін тигізеді.

Оқушылар мамандық таңдау дағдыларына байланысты дамытушы психологиялық жұмыстарды таңдау мүмкіндіктеріне ие болады. Дегенмен де оқушыларға сынып жетекшісі мен пән мұғалімдерінің де көмегі мен кеңесі қажет. Зерттелуші оқушыларға кеңес беруде белгілі бір мамандыққа «жарамдылық» немесе «жарамсыздық» туралы ұсыныс берілуімен аяқталады. Өкінішке орай, көп жағдайда мектеп бітіруші оқушының өздерінің пассивті позициясында қалады. Екінші әдісіміз ретінде еркін әңгімелесу технологиясын қолданамыз. Оқушы өзінің қалаған мамандығын таңдау арқылы, жоғары оқу орнына шынайы ықыласпен, қуанышты көңіл-күймен болашаққа деген сенімі мен жігерінің жоғарылығын сезіне және түсіне алады. Әңгімелесу барысында тақырыптан

басқа да ұқсас тақырыптарға ауысып кетуге болады. Бұл оның ойын жинақтауға көмектеседі. Десек те бітіруші сынып оқушыларына сынып жетекшісі мен пән мұғалімдерінің де көмегі мен кеңесі қажет [3, 43 б].

Зерттеу материалдары. On-line автоматтандырылған жүйе бойынша диагностикалық тестінің бағыттары төмендегідей.

Профильдік оқытуға бағыттар (S-шкалалар)

Профильдік класстар бойынша бағдарлама тоғыз сәулелі шеңберлік диаграммасын құрайды, олардың әрбіреуі зерттелінушіге қайсысы лайық екендігін көрсетеді. Келесі профильдер анализденеді:

№	Оқу профильдерінің атауы	Мамандықтың болашақтағы бағыты	Негізгі пәндер
1.	Ақпараттық- технологиялық профиль	Ақпараттық технологиялар аймағында жаңалықтар енгізу мақсатында, (берілген базалық мәліметтерді бағдарламалау, жобалау, үрдістерді автоматизациялау), сондай-ақ, дайын бағдарлама мен жүйелерді күнделікті қолдану мақсатында (дизайнерлер, операторлар және т.б.); қолданбалы математика.	Информатика, математика (көмекші пәндер – физика, ағылшын тілі).
2.	Инженерлік профиль	Инженерлер, технологтар, түрлі өндіріс аймағындағы механиктер, жоғары технологиялық өнімдерді дайындау және т.б	Физика, математика (көмекші пәндер – информатика, химия). Өндіріс аумағына, құрастырушылыққа, шынайы техникалармен жұмысқа (ұшақтар, машиналар, электроника, құрылғылар және т.б) қызығушылық.
3.	Физико- математикалық профиль	Физиктер, астрономдар, математиктер (ең алдымен зерттеушілер).	Физика, математика. Ғылыми танымдылыққа, әлем ғажайыптарына қызығушылық. (сондай-ақ, қолданбалы аймақтардан қарағанда ғылымға көбірек қызығушылық танытады).
4.	Жаратылыстану шылық профиль	Медицина, экология, биология (жануартану, өсімдіктану, генетика және т.б.), ауыл-шаруашылығы және басқалары. (шынайы табиғи объектілермен жұмыс – жануарлармен, өсімдіктермен, адамдармен).	Биология, химия, география (көмекші пәндер - математика және физика).
5.	Жаратылыстану шы- технологиялық профиль	Химиктер, құрылысшылар, геологтар, азық-түліктік биотехнологтар, табиғатты қорғау (сондай-ақ, өндірістік немесе лабораториялық жағдайлардағы жұмыс, түрлі	Биология, химия, география (көмекші пәндер - математика және физика).

		материалдардан жасанды заттарды өндіру).	
6.	Шығармашылық профиль	Суретшілер, жазушылар, филологтар, өнертанушы, мәдениеттанушы және т.б.	Әдебиет, орыс тілі, тарих, (қосымша пәндер – шет тілі, қоғамтану). Бұл профиль шығармашылық адамдары мен мәдениет пен өнерге (классикалық түрде) белсенді қызығушылық танытушыларға арналған.
7.	Лингвистикалық профиль	Аудармашылар, журналисттер, пиар менеджерлер, халықаралық экономика және құқық, өңіртану, саяхат.	Тілдер (қосымша пәндер – әдебиет, тарих). Бұл профиль белсенді гуманитарларға ұсынылады.
8.	Қоғамдық – гуманитарлық профиль	Заңгерлер, тарихшылар, философтар, саясаткерлер, халықаралық қатынастар, мемлекеттік басқару және т.б.	Тарих, құқық, қоғамтану (көмекші пәндер – тілдер, экономика).
9.	Қаржы-экономикалық профиль	Экономика, қаржы, менеджмент, маркетинг т.б	Экономика, математика, экономикалық география, қоғамтану (көмекші пәндер – тілдер, құқық).

Ескерту. Бұл класстар бар бағыттардың толық тізімі болып табылмайды. Кейбір мамандықтарды түрлі класстар арқылы таңдауға болады (мысалы, журналистика, психология, педагогика, химиялық өндіріс, өлкетану және т.б. – оқушының өзінің қандай қабілетке бейімділігіне немесе ол тапсырам деп жоспарлаған ЖОО-ң талаптарына байланысты таңдау жолдары әртүрлі болуы мүмкін). Ал басқа мамандықтар үшін – тізімде көрсетілген арнайы класстар мүлдем жоқ: мысалы, спорттық, әскери, музыкалық бағыттарға арналған. Бұл жағдайларда клиентке жағдайды «сөзбен» диаграммаға сүйенбей, түсіндіріп беру қажет.

Жоғарыдағы бағыттардың біреуі немесе екеуі онлайн тест тапсырған оқушының нәтижесін төмендегідей етіп бірден шығарып береді. Ең бірінші мектеп бітіруші оқушы немесе ізденуші жүйеге тіркеліп онлайн сынақтан өтеді. Өзіне сәйкес келетін мамандық туралы ақпаратты алып, өзінің жеке болмысын анықтап, неге әуес екенін анықтай алады [4, 43 б]. Сондай-ақ, орталық оқушылар үшін жеке мінездеме мен кәсіби бағытын анықтайды, ҰБТ пен КТ – гі бағдарлы пәнді ұсынады, оқушыға барынша сәйкес келетін мамандық пен мамандық шифрына дейін нәтижесін алу мүмкіндігін береді.

Тесттің нәтижелері мынаны құрайды:

- 1) шкалалық профиль – әрбір шкала бойынша ұпайлармен;
- 2) сөздік интерпретация, әрбір шкала бойынша нақты;
- 3) әрбір жиынтық және барлық жиынтықтар бойынша тестіленушіге лайықты мамандықтар тізімі (эксперттік жолмен алынған профильдердің ұқсастық деңгейіне негізделген профильдерге 100 ге жуық мамандықтар алынған);
- 4) оқушыға дамыту треннингтерін ұсыну;
- 5) тестіленушіге ұсынылатын профильдер кейінгі оқу профилі болмақ (тоғыз сәулелі диаграмма. Профильдік оқытуға бағыттар мен нақты мамандықтарға мысалдар толығымен төменде сипатталып көрсетіледі. Оқушыға белгілі бір мамандыққа икемі барын анықтау мақсатында онлайн тесттен өткен соң, бірден төмендегідей қорытынды

нәтижесін

шығарып

береді.

Құрметті

Тұрсынбек Айгерім

кәсіптік бағдарлау тестін сәтті аяқтауыңмен құттықтаймыз!

КӘСІПТІК БЕЙІМДІЛІКТЕР

Қарым-қатынасқа қабілеттілік, адамгершілікті, басқаларға ортақтаса алу қабілеттері жетік, әлеуметтік белсенді, бейімделгіш, шешім шығаруда эмоциялары мен сезімдеріне сүйенеді. Сөйлеу қабілеттері басым. Ұжымдық жұмыстарды ұнатады, альтруистер. Ораторлық қабілеттері бар, тыңдай біледі. Доспейіл, әдепті, оптимистер.

МАМАНДЫҚТАР БАҒЫТЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Әлеуметтік сала мамандықтары қоғам және адамның қоғамдағы қатынастарын қарастыратын мамандықтар жатады. Әлеуметтік сала мамандықтарының ауқымы кең, дегенмен оларға тән ортақ ерекшеліктер бар. Бұл мамандықтарда басқа адамдармен қарым қатынас жасау маңызды орында болады. Сондықтан да бұл салада табысты болу үшін қарым қатынас қабілеттерінің болуы маңызды. Адамдармен тіл табыса алу, эмпатия, аудиторияны немесе бір адамды өзіне қарата алу, басқалардың көзқарастары мен кемшіліктеріне түсіністікпен қарай алу, әдептілік, қарым қатынастағы шынайылық пен табиғилық, икемділік және толеранттылық маңызды.

Ұсынылатын
МАМАНДЫҚТАР БАҒЫТЫ

Әлеуметтік ғылымдар

Ұсынылатын
БЕЙІНДІК ПӘНДЕР

**Шығармашылық
География - Шет тілі**

Рекомендуемые специальности вузов

5B090200 Туризм
5B090500 Социальная работа
5B091200 Ресторанное дело и
гостиничный бизнес
5B051300 Мировая экономика

Рекомендуемые вузы

1. Абай атындағы ҚазҰПУ (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті)
2. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)
3. АТУ (Алматы технологиялық университеті)
4. КазСТА (Қазақ спорт және туризм академиясы)
5. ҚазМҚПУ (Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)
6. Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ (Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті)
7. Наркоз Университеті
8. UIB (Халықаралық бизнес университеті)
9. Тұран Университеті

Қосымша ұсыныстар:



Егер тестің нәтижелеріне келіспесең немесе таңдау жасауда әлі де қиналсаң, саған:

1. мектептегі кәсіптік бағдар беруші маманның бақылауымен тестілеуден қайтадан өтуге;
2. «Мамандық таңдау кілті» көмекші оқу құралымен мұқият танысып, қолданып көруге;
3. «KASIP FEST» жаңашыл білім беру фестиваліне қатысуға КЕҢЕС БЕРЕМІЗ

«Мамандықтар, гранттар, ЖОО және білім берудегі

өзге жаңалықтар туралы ақпарат инстаграмдағы біздің аккаунтымызда

 @kasipkz»

Жоғарыда алынған нәтижеге бітіруші сынып оқушысы қанағаттанса, берілген нәтижесін шығарып қолына табыстаймыз. Ал егерде онлайн нәтижесі шыққан жауапқа көңілі толмаса, арнайы мамандардың яғни, кеңес беруші психологтың көмегіне жүгінеді. Кәсіби бағдар беруші психолог маман оқушымен түрлі әдістер бойынша жұмыстар жасайды. Мамандар зерттеу барысында төмендегі үлгі бойынша әңгіме жүргізу парағын толтырады.

Әңгіме жүргізу парағы

Аты - _____
жөні _____

Менің тұлғалық сипатым

Жақын типтер:

Назар аудару қажет:

1. Кәсіптік бағдарлаудың нәтижелері бойынша:

2. Жеке тұлғалық қасиеттер бойынша:

Психолог кеңесінен

Психолог – кеңесшінің телефоны _____ Қолы _____

Өткізілу мерзімі _____ Оқушының
қолы _____

Оқушыларға кәсіби бағдар беру арқылы психологиялық, мотивациялық кеңес беру мен әңгіме жүргізу технологиясын жүргізіп болғаннан кейін, оқушыдан кері байланыс ретінде өзінің алған әсері мен көңіл-күйін тыңдаймыз. Егерде жоғарыда қолданылған әдістер мен техникалар өз қалауы бойынша мамандығы дәл келсе немесе кәсіби бағдар беру жұмысына қанағат тұтса, кездесу мен кеңесін өз еркімен тоқтата алады. Осыған лайықты кәсіби бағдарлау тестіне, педагогикалық-психологиялық кеңес алғандығын растайтын сертификат тағайындалады. Ал егерде оқушы өзін және қалауы бойынша мамандығының анықталмағандығын білсе және өзінің бойында кездесетін жағымсыз ойлардан арылып, білімі мен біліктілігін жасғастырса, келесідегідей дамыту тренингтерін ұсынамыз.

«ДАМЫТУ (тренингтер бойынша ұсыныстар)» жиынтығы бойынша

факторлар

<i>Тренинг</i>	<i>Компенсация</i>	<i>Дамыту</i>
Мотивация	адамның мүдделері аз болған жағдайда ұсынылады.	мүдделер өте көп болған жағдайда ұсынылады.
Интеллектуалдық даму	әлсіз қабілеттер болған жағдайда ұсынылады.	өте күшті қабілеттер болған жағдайда ұсынылады.
Коммуникативтік дағдылар	қарым-қатынас дағдылары төмен болған жағдайда ұсынылады.	коммуникабельділік жоғары болған жағдайда ұсынылады.
Көшбасшылық және қатынас	қақтығыстар мен Тәуелсіздік жоғарылаған жағдайда ұсынылады.	төзімділік жоғарылаған жағдайда ұсынылады.
Өздігінен ұйымдасу	жоғары импульсивтілік жағдайында ұсынылады.	уақыт пен жоспарды басқарудың қосымша әдістерін игеру үшін ұсынылады.
Эмоциялық өзін-өзі реттеу	стресске төзімділік дағдыларын дамыту үшін жоғары алаңдаушылық жағдайында ұсынылады.	сіздің жағдайыңызды басқарудың қосымша дағдыларын игеру үшін жоғары тұрақтылық жағдайында ұсынылады.

Қорытынды. Бітіруші сынып оқушылары мен жастарға өздерінің жүрек қалауы бойынша мамандығын таңдауына септігін тигізетіндей, кәсіби бағдар беру бағытының жұмыс жасауы қазіргі күннің кезек күттірмес өзекті мәселесіне айналуы тиіс деп санаймыз. Оның өзектілігі бірқатар ғалымдармен, психологтармен, экономист-практиктермен, саясаткерлермен ғана анықталмайды, сонымен бірге қазіргі қоғамның «өмір пульсімен» анықталады. Сондай-ақ, кәсіби бағдар беру оқушыларды еңбек іс-әрекетінің заманауи түрлерімен, әртүрлі кәсіптердің әлеуметтік-экономикалық және психофизиологиялық ерекшеліктерімен, білікті кадрларға деген қажеттілікпен, кәсіптің адамға ұсынатын талаптарымен, еңбек іс-әрекетінің барысында кәсіптік-білікті өсу мен өзін-өзі жетілдіру мүмкіндіктеріне ықпалын тигізеді. Ал кәсіптік ағарту жұмысы, оқушылар мен жастардың мотивациялық кәсіптік ниеттерін қалыптастырады, олардың негізінде жастардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктері дамиды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Bejzenbaeva ZH.A., Sangil'baev O.S. *Covremennye podhody k probleme organizacii i izucheniya proforientacionnoj deyatel'nosti v kazhstanskoj shkole //Scientific Collection «InterConf», (30): with the Proceedings of the 1st International Scientific and Practical Conference «Scientific Community: Interdisciplinary Research». Hamburg, German: Busse Verlag GmbH, 2020. P. 99-108.*
2. Bejsembaev G.B. *«Psihologicheskie osnovy professional'noj orientacii lichnosti. Dissertaciya na soiskanie uchenoj stepeni kandidata psihologicheskikh nauk. Respublika Kazahstan. Almaty, 2015 g.*
3. SHer'yazdanova H.T. *Psihologicheskie osnovy professional'noj podgotovki pedagogov i psihologov doshkol'nogo obrazovaniya.: Dissertaciya doktora psihologicheskikh nauk. M. 1999.*
4. Karakat Nagymzhanovaa, Mariyam K. Bapaevab, Zaini T. Koksheevac, Zaurе Kystaubayevad, Dinara S. Shakhmetovae/ *Psychological Peculiarities of Occupational Choice by High School Students/Education in the Knowledge Society 20 (2019) /Journal homepage <http://revistas.usal.es/index.php/eks/>*